



№22 (10012)
16 наурыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш ЖАРШЫСЫ



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

134 отбасы қоныс тойын тойлады

Амал мерекесі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде 134 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртты мерекемен және алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтады.



ЖАҢА ҮЙ - ЖАЙЛЫ БАСПАНА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деген болатын. Халықты баспанамен қамту еліміз үшін негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тірліктер атқарылуда. Өткен жылы аймақта 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, жайлы өмір сүруінің кепілі болып саналатын баспанамен қамту жұмыстары биыл да қарқынды жүрді. Бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй салынады. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Жыл басында Тасбөгет кентінде 38 отбасы баспаналы болса, бүгін міне, өздерінің қатысуларымен 134 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – мемлекеттің тұрғындарды қолдауының нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, көпқабатты тұрғын үйді «СК Дәнекер» ЖШС салды, баспана әлеуметтік жағынан осал отбасыларға берілді. Рәсімде көпбалалы ана Феруза Әбжанова қоныс той иелері атынан қуанышын жеткізіп, өңбек ардагері Төлеш Әлиев батысын арнады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

Бүгінде Қызылорда қаласы мен елді мекендердің келбетіне көрік қосатын әлеуметтік нысандар құрылысы қарқын алған. Сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады, тағы 11-інің құрылысы басталады. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», Жаңақорған, Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» салынады. Өткен жылы «Отбасы орталығы» және «Анаға тағам» орталығы өз қызметін бастады. Жақында 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылса, сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтереді.

Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Жаңа «Қан орталығы» Медицина қызметкерлері күні қарсаңында пайдалануға берілмек. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде жалпы құны 11 млрд теңгені құрайтын 27 нысан салу көзделген.

Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес орталық стадион (20,9 млрд теңге) және жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені (6,8 млрд теңге) ел игілігіне табысталады. Жақын күндері заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты пайдалануға беріледі.

Инвесторлар қолдауымен 37 млрд 600 млн теңгенің жобалары іске асуда. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынууда. Жоба құны – 20 млрд теңге, жаңа терминал осы жылы пайдалануға беріледі. «Қазғермұнай» компаниясының демалушылығын 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы қарқын алды. «Саутс Ойл» компаниясы 650 орындық музыкалық колледж ғимаратының құрылысын бастады.

Биыл 7 ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін, құны 11,5 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынууда. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірге «Үстел теннисі орталығының» құрылысы жүргізілуде.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа

Жаңа күнмен көрісу



Құрылтай

Бірлік бәрінен маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың отырысы өтті. Биыл құрылтай мүшелері Атырау облысында жиналды. Сөз басында Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай мүшелері мен барша қазақ халқының Көрісу күнінен құттықтады.

– Ең алдымен, мен баршаңызға Көрісу күні құтты болсын дегім келеді. Қыстан аман-есен шыққан туған-туыс, ағайын бір-бірімен қауышып жатыр. Ел арасында Көрісу күні еліміздің батыс аймағына тән мереке деген түсінік бар. Бірақ бұл қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрі екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан біз тұтас ел болып, Наурыз мейрамын осы күннен, яғни Көрісу күнінен бастап тойлауымыз жарасымды болары сөзсіз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, жыл сайын өтетін дәстүрлі Ұлттық құрылтай биыл Рамазан айымен, Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келіп тұр. Ұлыстың ұлы күні табиғат пен тұтас тіршілік жанарады. Ал Құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады. Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады. Сондықтан Құрылтай мүшелерінің жылына бір рет алқалы жиында бас қосуы игі дәстүрге айналған.

– Алғашқы отырыс Ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, бытыр киелі Түркістанда жиналды. Бүгін тағы бір тарихи өлке Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды өкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзін Атырау облысының тарихи мәні мен стратегиялық маңызын түсіндіруден бастады. Оның сөзінше, Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты қазақ хандары осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықтан мән-тілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын құратын мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Яғни Сарайшық – төл шежірелікте айрықша орны бар киелі шаһар.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай жиындарында түйіпкілі мәселелер көтеріліп, шешімін табу жолында іс атқарылып жатқанын атап өтті. Ұлт болу жолында ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға назар аударды. Осы ретте ол Құрылтай ешқашан той тойлап, өңіміз-дүкені құратын жын болмағанын тіле тиек етті. Келешекте де ондайға жол берілмейтінін айтты. Алдыңғы екі отырыста елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілген.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтар жүйесін құруды ұсынып, қоғамда белең алған теріс әрекеттерді сындады, осы ретте ол әрбір қазақ ата-бабасын құрметтеп, рухына тағзым ететінін айтып, шежіре мәдени қодымыздың ажырама бөлігіне айналғанын да жасыр-



АТЫРАУ, 2024 ЖЫЛ

мады. Бірақ бізге осы тек түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Президент бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайтынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдіктер біздің елді «ескертіштер елі» деп атайтын ескеріп, ата-бабасының атына көше беру, ескерткіш қоюды ұсынып, ұжымдық хат жазатындардың қатары қалыңдап бара жатқанын тілге тиек етті.

– Соңғы кезде ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атастың ескерткіш коюды, көшеге атын беруді өтініштер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді. Тіпті шетелде бізді көне заманға және кеңестік кезеңге қатысты монументтер қалтаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды, – деді Қ.Тоқаев.

Президент ономастика саласында Республика, Бірлік, Тәуелсіздік сынды ұғымдарға баса назар аудару керек екенін атап өтті. Яғни жеке мүддесін емес, ел мүддесін ойлайтын азаматтар көп болуы қажет.

Айта кетейік, бүгінгі жиынға Құрылтай мүшесі, аса көрнекті мәдениет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Илия Жақанов та қатысты. Президент оның нағыз мемлекетшіл тұлға екенін тілге тиек етіп, зиялы қауым ішіндегі аса беделді тұлға екенін атап өтті. Әрдайым салмақты ой, салиқалы пікірмен елге сыйлы болып жүрген ардақты азаматтың расында ортақ тұлға екенін ешкім жоққа шығармас. Президент те халқымыздың осындай

перзенттері, олардың өмір жолын жан-жақты дәріптеу керектігін лайықты құрмет көрсетуіміз қажеттігін айтты.

Президенттың бұйрығымен Атырауда Жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы айтқаның ақпан айының басында Үкімет құрамы ауысқаның жаңа міндеттер жүктелгені еске салды. Дегенмен нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз екенін де жоққа шығармады. Әлеуметтік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шаралар қаулап алу қажет деп есептейді. Осы ретте ол бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталды.

– Ең алдымен халықтың бөреке-бірлігін сақтау елдіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргендімізді білесіздер. Ынтымағы жарасқан ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды. Ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтаншығы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек өңгіме айтуы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы мұнан бөлек ел тағдыры үшін өзекті мәселелерге тоқталды. Ол қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мемлекеттің басты бағыты, мызғымас ұстанымы екенін айрықша атап өтті.

– Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ

тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны өлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптардың шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында, – деді Қ.Тоқаев.

Бүгінде ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған абзалырақ. Ашығын айтсақ, интернетті тағамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Қазір балалар түпкілі ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағнасыз контентке тым әуес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге де көңілін тоқталды.

– Біз ең алдымен жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жалпай кітап оқитын ұлтқа айналмаймыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі көңеліп қалды. Тоқсаншы жылдардағы ала-сапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталды. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды, – деді Президент.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Айтпайын десең...

Ұялы байланыс қызметінің құны арзандай ма десек, керісінше тариф бағасы шарықтап барады. Биыл ақпан айында ғана тариф бағасы бірден 6,2 пайызға өсті. Тіпті соңғы алты жылда тариф бағасының төмендегенін мүлде көрмедік. Құны өскенімен тұтынушыға қолайсыз, сапасы бәз баяғы қалпында, еш өзгермеген. Тариф құны түсе ме әлде сапасы жақсара ма? Жалпы нәтиже қалай? Тарқатайық...

Барлығымыз білетіндей, қаңтар айында мемлекет тарапынан операторларға сапасыз қызмет еткені үшін 3,2 млрд теңге айыппұл салынған. Бірақ олар бұл шығындарын тарифке салу арқылы өндіріп алуы да мүмкін. Логикаға салсақ, біз қарапайым абонент айыппұлды өтейміз. Сарапшылардың айтуынша, айыппұл салынғанымен қызмет сапасы жақсармаған.

Мемлекеттің айыппұл салумен оларды тәртіпке салмайтыны анық байқалады. Өйткені операторлар жылда айыппұл төлеп құтылады. Мысалы, Цифрлық даму министрлігі 2020 жылы лайықты сапада қызмет көрсетпеген операторларға жалпы құны 47,8 млн теңге айыппұл арқатты. 2021 жылы 264 млн теңге, 2022 жылы 1,6 млрд теңге айыппұл салынды. Өйткенмен сапа сол бойы жақсармады. Оған дәлел елімізде мобильді интернет «ауламайтын» ауыл-аймақтар жетерлік. Яғни бұл салынған айыппұлдар операторлар үшін



Тариф неге өсе береді?

мардымсыз. Себебі олардың табысы статистика бойынша 2022 жылы 1,1 трлн теңге болса, 2023 жылы 1,2 трлн теңгеге жеткен. Ал биыл екі айдың өзінде 44 млрд теңгеге жетті.


Операторлардың айтуынша, әлемде бір абонент айнана 12 гб интернет трафик жұмсаса, қазақстандықтар 17 гб жұмсайды екен. Рас, мен де сол интернет желісін көп қолданатындардың қатарынанмын. Айнана 3

500 теңге ақысын төлеймін, ал оған беретін 10 гб бір айға да жетпей таусылады. Тұрғындардың да пікірі сол тариф бағасы жоғары, ал сапасы өте төмен.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Жазбасам қайғырамын бір күн өлең

Киелі Жалағаш өңірі өлең-жырдың өресін ұзартып, өркенін жайған өршіл таланттарға кенде емес. Әріден айтсақ, Әбдікерім Оңалбаев, Төлеубай Үркімбаев, Қомшабай Сүйінішев, Темірше Сарыбаев, Асқар Кіребаев, Жақсыбай Сарбалаев есімдері әлі күнге дейін ел жадында жаңғыруда. Ән мен жырдың туын көтеріп, жұлдызын жарқыратқан Жұмабек Аққұлов, Құлтас Әбсадықұлы, Елена Әбдіхалықова, Құдайберген Бекішов, Нәби Аймұратовтың есімін бүгінгі буын мақтанышпен айтады. Олардың қатарында өлең өлкесіне өзіндік өрнегімен, көркемдік қуатымен келген ақын Мәлік Аяпов ағамыздың орны ерекше. Аудандық басылымда өзіндік қолтаңбасы қалған қарымды қаламгердің еңбектері барлық буынға тағылымды ой салады. «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдығы және онда бірнеше жыл басшылық қызметте болып, аудандық басылымның беделін арттырып, биігін төмендетпеуде сүбелі сөзімен қалың оқырманға үлкен ой салған Мәлік Аяповтың 80 жылдығына орай ақынның бірнеше өлеңін жариялап отырмыз.



Жазбасам қайғырамын бір күн өлең

Бір қайғы, бір қуаныш қабаттасып,
 Теңіздей бірде көңіл қалар тасып.
 Мен өсте ренжімеймін қабақ шытып,
 Қайғыдан жүрмесем де аяқ басып.

Біреуге алда бақыт күлкі деген,
 Ал біреу сәл қайғырса үйлеген
 Өмірде қайғы да көп, бақыт та көп,
 Жазбасам қайғырамын бір күн өлең.

Алдымнан қарауытып жол ақ сағым,
 Көп көріп қиналсаң да жол аптабын.
 Жырласам жүрегіммен жырлайын,
 Маған да қажет емес олақ дарын...

Отан

Алмасып қаһарлы қыс, жаз өтуде,
 Жарасақ болады елдің қажетіне.
 Отанға еркелеуге қақымыз жоқ,
 Баладай еркелеген әжесіне.

Жанардың ағы да – Отан, қарасы да,
 Бал татыр құшағында қара су да.
 Отанға өкпелеуге қақымыз жоқ,
 Ұрпақтай артық айтқан анасына.

Ойыңда Отан тұрсын тойынғанда,
 Тартынбай арқанды тос сойылдан да.
 Отанға міндетсуге қақымыз жоқ,
 Болмашы алақаның ойылғанға.

Отанның құдіреті – заман қандай?!
 Еңбек ет, күліп ойна, алаң болмай.
 Отанға қол сілтеуге қақымыз жоқ,
 Қайырымсыз қатал мінез адамдардай.

Жайқалса алтын астық сары күзде,
 Айналды байлық, бақыт өнімізге.
 Туғаннан қуанышқа құндақтаған
 Отанға борыштымыз бәріміз де!



Ақ пен қара

Тырнамаған жөн десек де жараны,
 Қара су да кері ағып барады.
 Теңізіне батып-шығып нарықтың,
 Шаруаның тимей кетті табаны.

Тұншығады, малтығады өр кеуде,
 Қысқа жібі күрмеуге бір келмеуде.
 Ер қанаты қырқылғаны емес пе,
 Аты да жоқ байлап қойған белдеуде.

Бәрі де жоқ, қойы да жоқ қорада,
 Малсыз ауыл, жансыз ауыл обал, ә?!
 Көшу керек дейді бәрі қалаға,
 Қазынамыз жатқан жоқ па далада?!

Бұл ауылда кім береді қол ұшын,
 Қалта қалың, борпандайды «болысың».
 Кімге сеніп қалдырамыз, ағайын,
 Бабалардың, аталардың қонысын?!

Қара ниет жандар қазір ұтып жүр,
 Шенеуніктер шеру тартты-түсік құл.
 Ақ пен қара араласты баттасып,
 Кімді тағы қара тақта күтіп тұр.

Өмір деген ақ пен қара алмасқан,
 Ақ дегенің – жарқылдаған алдаспан.
 Қара деген қара түнек жала боп,
 Адал жанның етегіне жармасқан.

Өмір деген екі түстен тұрады,
 Ақ пен қара – тіршіліктің «ұраны».
 Бірін-бірі қаралайды адамдар,
 Ақ бұлақтар таудан төмен құлайды.

Ол бұлақ та сарқыла ма бір күні,
 Жұпыны үйдің шұрық тесік түндігі.
 Байқоңырда зікір салып зымыран,
 Туған жердің пырым-пырым кіндігі.

Тұрады өмір қырық құрау «жамаудан»,
 Жақсы ешқашан құтылған жоқ жаманнан.
 Бір жақсы мен бір жаманды көресің,
 Тірлігінді тіреп тұрған қоғамнан.

Қара тақта – қаралаудың құралы,
 Болғандығы есімізде жүр әлі.
 Мағжан аты жазылғанда тақтаға,
 Бүгін қайта бұтақ жайды шынары.

Жыр-бәйге

Бар байлығым өлең-жырым қолда бар,
 Өн бойымда құпия жоқ таңқалар.
 Көріп жүрген көп адамның бірімін,
 Көңілімде қиял да бар, ән де бар.

Қызғанышым емес, бірақ пенделік,
 Жыр-бәйгеге түсе алмай бір жөнделіп.
 Ой-мұхитта малтыққанда күні-түн,
 Періште жыр жұбатасың сен келіп.

Не бітірдім, бітірмегім қанша әлі,
 Осы ойлардан қайран бас та шаршады.
 Менің нәзік жырға құмар жүрегім,
 Топқа түсер жыр-бәйгені аңсады.

Ерте есейіп, кездерім көп кеш күлген,
 Озғаным жоқ жыр-бәйгеге ешкімнен.
 Делебенді қоздырады жыр үні,
 Құлагердің дүбірі боп естілген.

Намысымды жігеріме жаныдым,
 Сынға түсті бойымдағы танымым.
 Үмітімді үздім, қайта жалғадым,
 Тіршіліктің жиып бойға жарығын.

Мұңымды іштей өз-өзіме айтамын,
 Мазаң оймен шаттығымды шайқадым.
 Араласып аламан жыр-бәйгеге,
 Мен де өзімді келеді бір байқағым.

Өткен күндер сілкіп тастап азабын,
 Ұмыт болса өкінішті наза мұң.
 Сол бәйгеге озып шығып оқ бойы,
 Дүйім елдің аударсам бір назарын! –
 Жазылады менің мәңгі Ғазалым!



Тарту



Жаңа күнмен көрісу

Ұлттық бірегейлікті сақтап, мәдениетті дамытуда салт-дәстүр құндылығының маңызы зор. Рухани құндылығымызға айналған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың ұрпақтан ұрпаққа аманаттай жалғасын табуы – ұлт дамуының басты кепілі. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қатысуымен 14 наурыз – Аман күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Бұл – ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын «Көне дәстүр күмбезі» атты фестивальдың бастауы.

Табиғат қызықтырып келбетіне, Жас шыбық бүршік атар тербетіле. Береке, бірлік тіле ел ішіне, Тыныштық, саулық тіле жер бетіне! Жағалап қариясың, ақбас шыңың, Жалынды жас үйінде жатпас бүгін. Ұмытпайық үлкендер ұлағатың, Ұлықтайық бабаның салт-дәстүрін! Тарихи тамырын тереңнен таратқан Аман мейрамы – ғасырлар бойғы еңсесі биік елдіктің, байламы сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Бұл мереке – күн мен түннің төңелген тұсында, қыстың қыспағы мен қиындығынан аман-есен шығып, Наурыз мерекесі алдында халықтың мөре-сәре болатын күндерінің бірі. Сонымен қатар бұл күні бірлік күшейеді, береке молаяды.

Тереңге жайған оң үрдіске айналды. Аман мейрамы – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын таразы. Осындай игілікті сәтте Отанымызға береке, халқымызға игілік, мемлекетімізге молшылық, ал әрбір шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін. Алдымыздағы үлкен мереке – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының бастауы болып саналатын аман күні баршаңызға құтты болсын, ағайын! Амандан аманға аман-есен жете берейік, – деді Ардақ Ибраимов.

Мерекелік концерт ұсынды. Мерекелік кеште «Бал-бала» шулы аспаптар ансамблі «Аспаптар» өнін орындап, халықтың ықыласына бөленді. Мерекелік шара аясында креативті индустрияға байланысты «Ultiy style» көрме жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жалағаштық өнерпаздардың көрмесімен танысқан Ардақ Ибраимов көлеңер шеберлерінің туындылары үлкен еңбектің арқасында сапалы шыққанын жеткізіп, жаңа бастамаларға сәттілік тіледі.

Ұлттық киім – тарихи, мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырларды әдет-ғұрып, салт-дәстүр халықтың хал-ахуалынан көң көлемде жан-жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдеріне өскен түсіреді. Қазірде батыс стиліне қарағанда ұлттық киіміміз трендте. Көзіміз көріп жүргендей, ойын баласынан бастап ұлттық оюлармен көркемделген ерекше киімдерден өздері стиль құрастыруда. Бізге келетін адамдардың көп бөлігі де ұлттық нақыштағы киімдерге талпырыс береді, – дейді жас тігінші Сымбат Тыныштықбай.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Тағылым

Батамен ел көгерер

Бата беру – байырғы қазақ халқынан бүгінге дейін жалғасып келе жатқан дәстүр. Халқымызда «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер», баталы ер арымас, батасыз ер жарымас», жақсы сөз – жарым ырыс» деген даналық сөз бар. Бата – жақсылық пен игі ықыластың, ақ тілектің көрінісі. Бата сұрау – өзі қалаған ықылас пен ризалық, жақсы тілек пен жарасымды алғыс сұрау деген сөз.

Қазақ халқында үйіне келген қонаққа барын беріп, сыйлы қонағына бір малын көлденең тартып, батасын алып соятын да салт бар. Үй иесі малын өкеліп қонағына «әумин» деп қолын жайғанда қонақ та қолын жайып батасын береді. Бата беру жоралғысы ертеден қалыптасты. «Бата» дегеніміз «Фатиха» сөзінен шыққан. Фатиха – Құран Кәрімдегі ең бірінші сүренің аты. «Фатиха» сөзі «ашушы, беташар» деген мағынаны білдіреді. Яғни аталған сүре Құдай Тағаланың кітабының алғашқы сүресі болғандықтан солай аталған.

Халық арасындағы баталы, қазыналы қарттарымыз «Әлхамдының берекесін берсін!» деп бата-тілек айтып жатады. Міне, сол «Әлхамды» – Фатиха сүресі. Бата беру өте құрметті іс деп саналады. Бата айтылуда бата тілеуші адам немесе жамағат алдымен алақанын жайып, ишарат білдіруі тиіс. Ақсақал қауым әуезді үнімен мөнерлеп, бар ынтымақпен бата береді. Бата аяқталған кезінде жиналған қауым бір ауыздан «әумин» деп ас қайырып, «айтсын, айтқаның келсін» деп бет сипасады. Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан бата беру дәстүрі – тамақ сөз өнерінің де белгісі. Бата беру – сұраушыға жақсы тілек тілеп, адал ниетті білдіру. Ақ бата адамға рухани қуат, күш сыйлайды.



Бата қандай жағдайда берілсе де адамды кісілікке, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Әдетте бата беру ауылдың үлкендерінің, қадірлі қариялардың, атақты батырлардың, ақындарының, би-шешендерінің, ақсақалдарының, жолы үлкен адамдардың, құдайықонақтың үлесіне тиген. Батаның бірнеше түрі бар, яғни берушінің ақыл-ой, парасатының деңгейіне, шешендігіне байланысты. Егер

сөзі қадірлі ері ақ ниетпен айтылса, қысқа батаның да, ұзын батаның да қасиеті, құдіреті, күші бірдей. Батаның қабыл болуын тек Жаратқаннан тілеген жөн. Сан ғасырлардан бері қалыптасып кеткен бата сұрау, бата беру үрдісінің түп-төркінін асыл дініміз исламда жатқанын көреміз.

«Дін мен дәстүр» кітабынан

Жарапазан

Насихат жырдың төресі

Айтамын жарапазан үйіңізге,
 Ұстаған үй айнала шиіңізге,
 Қой берсең, қозы берсең, көпсінбеймің,
 Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге.
 Айтамыз жарапазан үйіңізге,
 Туырлық үй айнала шиіңізге.
 Осы үйдің шаңырағы шап-шақ екен,
 Жеңгеміз осы үйдегі аппақ екен...
 Айтамыз жарапазан есіңізге,
 Қошқардай қос үл берсін бесіңізге...



Жарапазан – қазақ ауыз әдебиетіндегі тұрмыс салт негізіне байланысты туындап, кең тараған өлең түрінің бірі. Ол ораза ұстайтын Рамазан айында ғана орындалады. Жарапазанды жас-кәрісіне қарамай барлығы айта береді. Ұмытылып жатқан қазақты дәстүрлеріміздің бірін жаңғырту мақсатында биыл «Ислам және дәстүр құндылық» жылы деп жарияланған болатын. Осы ретте күллі мұсылман асыға күткен қасиетті Рамазан айының құрметіне «Жарапазан – насихат жырдың төресі» атты жарапазан айтудан аудандық байқау өтті. Аудандық «Иманқұл» мешітінің ұйымдастыруымен алғаш рет қолға алынған байқауда барлық ауылдық округтен келген өнерпаздар сыңға түсті.

Жарапазан «Рамазан» деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар сауап болады деп жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа да сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазанды екі адам жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостасуы болады.

Негізінен жарапазан айту мерзімінің өзіндік тәртібі бар. Ол Ораза айында ғана емес, Рамазан айы туғанда да айтылады. Басында Оразаның алғашқы үш күнінде ауыз бекітер алдында үйдің ту сыртынан айтылады. Бұл бір жағынан ауыз бекіткен адамды сәресіне ояту үшін жасалады. Алдымен жарапазан желдірмесі, сосын жарапазан сөзі, одан кейін жарапазан батасы айтылады. Жарапазан айтқан жарапазаның үй иесі оянып, беліне ақтық байлап, дәм ұсынып, разы қылып шығарып салған. Жарапазанды үлкендерден үйренген ауыл балалары да жаттап алып, топтасып кешке ел орынағанын шартта ауыл аралап жарапазан айтқан.

Жарапазан өлеңдері адамгершілікті, имандылықты, әділет пен адалдықты, оразагері дәріптейді. Өзіндік сарыны бар оған негізінен дін сенім арқау болады. Жарапазан өлеңі он бір буынды қара өлең ырғағымен келеді. Тек әр шумақ аятылып болған соң арасында: «Мұхаммед үмбеті айтқан жарапазан»

Оразаң қабыл болсын ұстаған жан» деген тілек қайталанып айтылып отырады. Жарапазан айтқан үйден ырым алғаннан кейін міндетті түрде бата беріледі. Бата жыр түрінде болып келеді де жақсылық, ізгілік ниет білдіреді.

Ұлттық дәстүрді насихаттап, Рамазан айында ұйымдастырылған игі шарада Қ.Қазанғаев атындағы мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Әсет Шілдебаев, кент әрдагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан, аудандық «Әр-Рахим» мешітінің бас имамы Айбек Мәдиев қазылық өтті.

Байқау барысында «Иманқұл» мешітінің бас имамы Жақсыбек Әбенов, аудандық мешихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов қасиетті Рамазан айының алғашқы күні ұйымдастырылған шараның тағылымдық маңызы зор екенін атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Халқымыздың қолынан сусыл, желісі үзіліп бара жатқан жарапазан айту дәстүрін қайта жаңғыртуға келген қатысушылар таныстыру, жарапазан және «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп аталатын үш кезең бойынша өнер көрсетті.

Аудандық байқаудың нәтижесімен, қазылар алқасының шешімімен I орынды Жанаталап ауылы, II орынды Бұқарбай батыр, ал III орынды Есет батыр ауылы иеленді. Қалған қатысушыларға қаржылай ынталандыру сыйлығы табысталды.

Ақнұр АЛТЫНБЕК



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары,
 жауапты хатшы,
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 439